

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

Hairdryer

HP8183

HP8182


HP8181

HP8180



KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS



Қазақша

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен рахатыңызға қолдану үшін, өзіңіздің өніміңізді www.philips.com/welcome бойынша тіркеуге отырғызыңыз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Бұл құралды суға жақын пайдаланбаңыз.
- Құралды ваннада пайдаланған кезде оны пайдаланып болғаннан кейін токтан ажыратыңыз. Құрал ажыратулы болса да, оның суға жақын болуы қауіпті.
- **ЕСКЕРТУ:** Құралды суға жақын қолданбаңыз. Құралды ваннада, душта, бассейнде және басқа су бар жерлерде қолданбаңыз.
- Электр шогын алмас үшін, ауа шығатын тесік торға темір заттарды енгізбеңіз.
- Ауа торларын ешқашан жаппаңыз.
- Құралды қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті берілетін кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Құралды нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Құрал токқа қосулы тұрса, оны қадағалаусыз тастап кетпеңіз.
- Пайдаланып болғаннан соң құралды токтан суырыңыз.
- Басқа өндірушілер шығарған немесе Philips компаниясы нақты ұсынбаған керек-жарақтар мен бөлшектерді ешқашан пайдаланбаңыз. Егер осы керек-жарақтар мен бөлшектерді пайдалансаңыз, кепілдігіңіз күшін жояды.
- Сымды құралға орамаңыз.



- Егер ток сымы зақымдалған болса, өзіңізге зиян тигізіп алмас үшін оны тек Philips, Philips әкімшілігі ұсынған қызмет орталығы немесе соған сәйкес білікті маман көмегімен алмастырыңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қажетті бақылау жасамаса немесе осы құралдарды қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау бермеген болса, физикалық сезімталдығы төмен немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (оның ішінде жас балалар да) бұл құралды пайдалануына болмайды.
- Балалардың құралмен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаға кіргізілген электр желісіне тізбекті ток құралын (RCD) орнатуға кеңес беріледі. Осы RCD құралында мөлшерленген жұмыс жасайтын ток 30 милиамперден аспауы тиіс. Орнатушыңыздан кеңес алыңыз.
- Егер құрал қатты қызып кетсе, онда ол автоматты түрде өшеді. Құралды тоқтан шығарып, оны бірнеше минутқа суытыңыз. Құралды қайтадан тоққа қосар алдында, ауа торын тексеріп, оның мамықпен, шашпен, немесе т.б. заттармен жабылып қалмағанын тексеріңіз.

Шуыл деңгейі: деңгейді бақылау шегі = 83 дБ [A]

Электромагниттік өрістер (EMF)

Бұл құрал электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Егер дұрыс және пайдалану нұсқаулығына сәйкес етіп пайдаланылған болса, бүгінгі ғылыми дәлелдер негізінде құралды пайдалану қауіпсіз болып табылады.

Қоршаған орта

Құралды өз қызметін көрсетіп тозғаннан кейін, күнделікті үй қоқысымен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұл құралды арнайы жинап алатын жерге қайта өңдеу мақсатына өткізіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.



2 Шашты кептіру

1 Ашаны розеткаға қосыңыз.

- Жақсылап кептіру үшін концентраторды (②) шаш кептіргішке (③) жалғаңыз.
- **Тек HP4981/83:** бұйралардың көлемі мен серіппе сәнін арттыру үшін шашты көтеретін диффузорды (①) шаш кептіргішке (③) жалғаңыз.
- Қосымша бөлшекті ажырату үшін оны шаш кептіргіштен суырып алыңыз.

2 (⑨) ауа ағымы қосқышын жұмсақ ауа ағымы және сәндеу үшін **I** немесе қатты ауа ағымы және тез кептіру үшін **II** қалпына реттеңіз. Қосымша ауа ағымы үшін Turbo түймесін (⑩) басыңыз.

3 (⑧) температура қосқышын ыстық ауа ағымы үшін ☺, жылы ауа ағымы үшін ☹ немесе салқын ауа ағымы үшін ● реттеңіз. Салқын ауа ағымымен шашты сәндеу үшін «Салқын ауа жіберу» түймесін (⑪) басыңыз.

- **Тек HP8181/82/83:** құралдағы ион функциясы шашты жылтыратып, бұйра шашты тегістейді.

↳ Функция қосылғанда ерекше иіс шығуы мүмкін. Бұл иондар әсерінен пайда болады және қалыпты жағдай болып есептеледі.

↳ **Тек HP8181:** құрал қосылған кезде, ион функциясы автоматты түрде іске қосылады

↳ **Тек HP8182/83:** ион функциясын қосу немесе өшіру үшін ион функциясының сырғыма қосқышын | немесе ○ (⑦) күйіне келтіріңіз.

↳ Функция қосылған кезде, ион көрсеткіші (④) жанады.

- **Шашты көтеретін диффузоры бар HP8182/83 үлгісі үшін:**

↳ Шаштың түптеріне көлем қосу үшін түйреуішті шашқа кіргізіп айналдыра қозғалыс жасаңыз.

↳ Шаш ұзын болса, шаш бөлімдерін деффузердің үстінен өткізіңіз немесе деффузер саусақтарымен шашты төмен қарай тараңыз.


- ↳ Шаштың сәнін бұйра немесе толқынды сәнге келтіру үшін диффузорды 10-15 см қашықтықта ұстап, жайлап кептіріңіз.

Пайдаланғаннан кейін:

- 1 Құрылғыны өшіріп, тоқтан суырыңыз.
- 2 Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3 Ауа кіретін торды (5) құралдан алып, шаш және шаңды алып тастаңыз.
 - ↳ Ауа кіретін торды алып тастау үшін оның сол және оң жағындағы сәл шығыңқы жерін бірге басып, оны өзіңізге қарай тартыңыз.
 - ↳ Ауа кіретін торды орнына кіргізу үшін оның сол және оң жағындағы сәл шығыңқы жерін бірге басып, торды құралға бекітіңіз.
- 4 Құралды дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- 5 Құрылғыны шаңы жоқ, құрғақ және қауіпсіз жерде сақтаңыз. Оны ілмегінен (6) іліп қоюыңызға да болады.

3 Кепілдік және қызмет.

Егер ақпарат алу керек болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушылар орталығына телефон (ол нөмірді дүние жүзі бойынша берілетін кепілдік кітапшасынан алуға болады) шалыңыз. Егер еліңізде Тұтынушыларды қолдау орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.



© Royal Philips Electronics N.V. 2009
All rights reserved.

Specifications are subject to change without notice.
Trademarks are the property of Koninklijke Philips
Electronics N.V. or their respective owners.

3140 035 20951



100% recycled paper
100% papier recyclé

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

Straightener


HP8309/00

HP8310/00



KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS



Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Бұл құралды суға жақын пайдаланбаңыз.
- Құралды ваннада пайдаланған кезде оны пайдаланып болғаннан кейін токтан ажыратыңыз. Құрал ажыратулы болса да, оның суға жақын болуы қауіпті.
- **ЕСКЕРТУ:** Құралды суға жақын қолданбаңыз. Құралды ваннада, душта, бассейнде және басқа су бар жерлерде қолданбаңыз.
- Құралды қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті берілетін кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Құралды нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды тек құрғақ шашқа пайдаланыңыз. Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Құралдың ыстық беттерін теріңізден алшақ ұстаңыз.
- Құрал токқа қосулы тұрса, оны қадағалаусыз тастап кетпеңіз.
- Пайдаланып болғаннан соң құралды токтан суырыңыз.
- Құрал ыстық болғанда, оны тек ыстыққа төзімді бетке қойыңыз және құралдың бетін ешқашан сүлгімен немесе шүберекпен жаппаңыз.
- Басқа өндірушілер шығарған немесе Philips компаниясы нақты ұсынбаған керек-жарақтар мен бөлшектерді ешқашан пайдаланбаңыз. Егер осы керек-жарақтар мен бөлшектерді пайдалансаңыз, кепілдігіңіз күшін жояды.



- Сымды құралға орамаңыз.
- Құралды боялған шаштарға пайдаланғанда, шашты түзететін табақшаларда дақ пайда болуы мүмкін.
- Егер ток сымы зақымдалған болса, өзіңізге зиян тигізіп алмас үшін оны тек Philips, Philips әкімшілігі ұсынған қызмет орталығы немесе соған сәйкес білікті маман көмегімен алмастырыңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қажетті бақылау жасамаса немесе осы құралдарды қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау бермеген болса, физикалық сезімталдығы төмен немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (оның ішінде жас балалар да) бұл құралды пайдалануына болмайды.
- Балалардың құралмен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаға кіргізілген электр желісіне тізбекті ток құралын (RCD) орнатуға кеңес беріледі. Осы RCD құралында мөлшерленген жұмыс жасайтын ток 30 милиамперден аспауы тиіс. Орнатушыңыздан кеңес алыңыз.
- (тек HP8310) Ион шығаратын тесіктерді темір заттармен шұқылауға болмайды.

Электромагниттік өрістер (EMF)

Бұл құрал электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Егер дұрыстап және осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес етіп пайдаланылса, құралды пайдалану қазіргі ғылыми дәлелдер негізінде қауіпсіз болып табылады.

Қоршаған орта

Құралдың қызмет ету мерзімі біткенде күнделікті үй қоқысымен бірге тастамай, қайта өңдеуге алатын арнайы орынға өткізіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.



2 Шашты түзету

- 1 Ашаны розеткаға қосыңыз.
- 2 Құралды қосу үшін (①) қосу/өшіру қосқышын **I** сырғытып, қосыңыз.
 - ↳ «Қуат қосулы» көрсеткіші (②) жанады.
 - ↳ Құрал 60 секундтан кейін қызады.
 - ↳ Тек HP8310: құрал қосылған кезде, ион функциясы автоматты түрде іске қосылады. Бұл функция шашты қосымша жылтыратады және бұйраланып қалуын азайтады. Функция қосулы тұрғанда, ерекше бір иіс және ысылдаған дыбыс шығуы мүмкін. Бұл қалыпты болып табылады және түзіліп жатқан ионнан шығады.
- 3 Құралдың құлпын ашу үшін (④) құлпын сырғытыңыз.
- 4 Шашыңызды тарап, 5 сантиметрден аз шаш бумасын алып, түзете бастаңыз.
- 5 Шашты түзеткіш табақшалар (③) арасына салып, саптарын қосып басыңыз.
- 6 Шаш түзеткішті шашыңыздың бойымен төмен қарай бірқалыпты қозғалыспен (ең көп дегенде 5 секунд) тоқтатпастан түсіріңіз.
 - Бұйралау үшін шаш түзеткішті шаш ұшына дейін апарып, жарты шеңбер ішке (немесе сыртқа) қарай бұраңыз. Шаш түзеткішті сол қалпында 2-3 секунд ұстап тұрғаннан кейін, оны босатыңыз.
- 7 20 секундтан соң, өзіңіз қалаған нәтижеге жеткенше, 6-қадамды қайталаңыз.
- 8 Қалған шашыңызды түзету үшін 4-қадамнан 7-қадамға дейін қайталаңыз.

Пайдаланғаннан кейін:

- 1 Құралды өшіріп, токтан суырыңыз.
- 2 Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3 Құралды және шаш түзеткіш табақшаларды дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

- 4 Түзеткіш табақшаларды (④) кілттеңіз.
- 5 Құралды шаңы жоқ, құрғақ және қауіпсіз жерде сақтаңыз. Оны ілмегінен (⑤) іліп қоюыңызға да болады.

3 Кепілдік және қызмет.

Егер қосымша бөлшекті ауыстыру туралы ақпарат алу керек болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушылар орталығымен байланысыңыз (ол нөмірді дүние жүзі бойынша берілетін кепілдік кітапшасынан алуға болады). Егер еліңізде Тұтынушыларды қолдау орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.



© Royal Philips Electronics N.V. 2010
All rights reserved.

Specifications are subject to change without notice.
Trademarks are the property of Koninklijke Philips
Electronics N.V. or their respective owners.

3140 035 22222



100% recycled paper
100% papier recyclé